

6. Pogodaeva M.V. (2014) *Qauiqsiz balalyq kenistikti qalyptastyru tuzhyrymdamasy [The concept of the formation of a safe childhood space]*.

7. Shpendler P.E., Maslova V.M., Podgaretskii S.I. (2006) *Omira qauiqsizdigi [Safety of life]*.

8. Iasvin V.A. (2001) *Bilim beru ortasy: modeldeuden dizainga deiin [Educational environment: from modeling to design]*.

9. Timofeeva L.L. (2015) *3 zhasstan 8 zhasqa deiingi balalarda qauiqsizdik madenietin qalyptastyru [Formation of a safety culture in children from 3 to 8 years old]*.

10. Sadretdinova A.I. (2009) *Mektep zhasyna deiingi balalardyn omira qauiqsizdigi madenietin qalyptastyru ushin bilim beru ortasyn pedagogikalyq zhobalau [Pedagogical design of the educational environment for the formation of a culture of life safety among preschoolers]*.

МРНТИ 14.23.17

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-5496.23>

Рахмет Ү.Р.,<sup>1</sup> Шалабаева Ж.С.,<sup>1</sup> Абдуразақова О.А.<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Қазақстан, Түркістан қ.

## БАЛАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЕСЕПКЕ АЛУ

### Аңдатпа

Баланың мектепке дайындығын ұйымдастыруда мектептегі оқу үрдісі балалардың оқу-танымдық қызығушылығын қалыптастыра отырып, олардың белсенділігін дамыта білу - бүгінгі күннің өзекті мәселелердің бірі. Өйткені, жаңа ортаға аяқ басу, жаңа адамдармен танысу, олармен қарым-қатынас жасау әр балада әртүрлі кешуі мүмкін. Балалардың мектепке баруы олардың өміріне өзгерістер енгізуі мүмкін. Сондықтан мақалада балалардың мектепке психологиялық, физиологиялық дайындығын анықтау мәселелері қозғалды. Баланың мектепке дайындығын анықтау барысында зерттеу жұмысында бақылау мен әңгімелесу әдістері пайдаланылды. Бұл жерде балалардың дамуын анықтайтын ойындар арқылы бақыланды, балалардың мектепке дайындығын анықтау барысында әңгімелесу әдісі және қорытындылауда сандық-сапалық талдау әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижесінде балалардың мектепке барғандағы келіп шығатын қиындықтары, психологиялық-физиологиялық дамуының кемшіліктері анықталды. Баланы мектепке дайындауда тек мұғалім ғана емес, сонымен қатар, ата-ананың да, отбасы мүшелерінің де атқаратын қызметі өте маңызды болып келеді. Физиологиялық дайындық – бұл белгілі бір жасқа қажет деп саналатын, белгілі бір физикалық белсенділікті орындау мүмкіндігі. Бұл баланың денсаулық жағдайына, дене бітіміне, бой мен салмақ нормаларына, қозғалыс жылдамдығы мен ептілігіне байланысты

**Түйін сөздер:** Оқушы; психологиялық даму; физиологиялық жағдай; бірінші сынып; бақылау; әңгімелесу; сұрақ-жауап.

Рахмет Ү.Р.,<sup>1</sup> Шалабаева Ж.С.,<sup>1</sup> Абдуразақова О.А.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави  
Казахстан, г. Туркестан

## УЧЕТ ОСОБЕННОСТЕЙ ПСИХОЛОГО-ФИЗИОЛОГИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ РЕБЕНКА В ОРГАНИЗАЦИИ ЕГО ГОТОВНОСТИ К ШКОЛЕ

### Аннотация

Учебный процесс в школе при организации готовности ребенка к школе формирование учебно-познавательного интереса детей, развитие их активности - одна из актуальных проблем сегодняшнего дня. Ведь погружение в новую среду, знакомство с новыми людьми, общение с

ними у каждого ребенка может быть разным. Посещение детьми школы может внести изменения в их жизнь. Поэтому в статье были затронуты вопросы определения психологической, физиологической готовности детей к школе.

При определении готовности ребенка к школе в исследовательской работе использовались методы наблюдения и беседы. Здесь наблюдались игры, определяющие развитие детей, применялся метод беседы при определении готовности детей к школе и методы количественно-качественного анализа при подведении итогов. В результате исследования выявлены трудности, возникающие при посещении школы детьми, недостатки психолого-физиологического развития. При подготовке ребенка к школе очень важна деятельность не только учителя, но и родителей, членов семьи. Физиологическая подготовка-это способность выполнять определенные физические нагрузки, которые считаются необходимыми для определенного возраста. Это зависит от состояния здоровья ребенка, телосложения, норм роста и веса, скорости и ловкости движений

**Ключевые слова:** ученик, психологическое развитие, физиологическое состояние, первый класс, наблюдение, беседа, вопрос-ответ.

*Rakhmet U.R.,<sup>1</sup> Shalabaeva Zh.S.,<sup>1</sup> Abdurazakova O.A. <sup>1\*</sup>  
<sup>1</sup>Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University  
Kazakhstan, Turkestan*

## **TAKING INTO ACCOUNT THE PECULIARITIES OF THE CHILD'S PSYCHOLOGICAL AND PHYSIOLOGICAL DEVELOPMENT IN THE ORGANIZATION OF HIS READINESS FOR SCHOOL**

### *Abstract*

The formation of the educational and cognitive interest of children, the development of their activity is one of the most pressing problems of today. After all, immersion in a new environment, meeting new people, communicating with them can be different for each child. Children attending school can make a difference in their lives. Therefore, the article touched upon the issues of determining the psychological and physiological readiness of children for school. When determining the child's readiness for school, the research work used the methods of observation and conversation. Here, games were observed that determine the development of children, the method of conversation was used to determine the readiness of children for school, and methods of quantitative and qualitative analysis were used to summarize the results. As a result of the study, the difficulties that arise when children attend school, the shortcomings of psychological and physiological development are revealed. When preparing a child for school, the activities of not only the teacher, but also parents and family members are very important. Physiological training is the ability to perform certain physical activities that are considered necessary for a certain age. It depends on the child's health, physique, height and weight standards, speed and agility of movements

**Keywords:** student, psychological development, physiological state, first class, observation, conversation, question-answer

**Кіріспе.** Бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі – баланың мектепке дайындығын ұйымдастыруда мектептегі оқу үрдісі балалардың оқу-танымдық қызығушылығын қалыптастыра отырып, олардың белсенділігін дамыта білу. Бұл туралы «Білім туралы» ҚР Заңында мектепке дайындау - міндетті екендігі, сонымен қатар отбасында, мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды даярлық сыныптарында іске асырылатыны жазылған [1].

Зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес, мектепке дайындық мынадай міндеттерді белгілейді:

- Балалардың мектепте оқуына сапалы дайындықты қамтамасыз ету. Бұл міндет ұйымдастырылған оқу қызметін жүзеге асыру, ерікті әрекетті қалыптастыру (не істеп жатыр?,

неге бұлай жасап жатыр?, қалай жасайды?), өзін-өзі үйрету дағдыларын қолдану арқылы іске асырылады;

- Балалардың мектепте оқуға ынтасын қалыптастыру. Шығармашылық белсенділігін және қоршаған ортаны қабылдауын, бастамашылдығын, білуге құмарлығын дамытуға ықпал ететін алған білімдері арқылы іске асырылады.

- Ерте жастағы балаларда әлеуметтік және өз бетінше үйрену дағдыларын дамытатын бағдарламаны енгізу арқылы жүзеге асырылады. Балаларды дербестікке, ашықтыққа, ересектермен және құрдастарымен бірге әрекет етуге баулу, әлеумет те өзара қарым-қатынас ережелерін сақтау арқылы жүзеге асырылады [1, 86].

Балалардың мектепке баруы - олардың өміріндегі ең маңызды әрі шешуші кезең. Өйткені, балалар мектепке барған кезден бастап оқушы болып есептеледі, жаңа балалармен танысады, жаңа ортаға барады. Ал бұл баланың психологиясына әсер етуі мүмкін. Балалардың бірден жаңа ортаға үйреніп кетуі мүмкін емес, сондықтан балаларды мектепке балабақшадан бастап дайындау талап етіледі [2]. Сонымен қатар, бұл арада балабақша мен мектептің бір-бірімен тығыз байланысы болуы қажет. Балабақшадағы бала санау, ойлау, есте сақтау мен зейін аударуды үйренеді. Мектеп жасына дейінгі баланың әр түрлі формалар мен түрлердегі танымдық іс-әрекеттері тұлғаның қажеттілігі, тіпті өзіне тән ерекшелігі бола алады, бұл бастауыш мектепте балабақша түлегін оқытуда қолайлы алғышарттар жасайды. Сондықтан, танымдық белсенділікті дамыту - мектепке дейінгі білім берудің басым міндеттерінің бірі болып табылады [3]. Бала мектепке дайындалғанда үйреншікті қабілеттер мен білімдерге ие болып, оларды мектепте қолдана алуы керек.

Бала мектепке дайындалғанда үйреншікті қабілеттер мен білімдерге ие болып, оларды мектепте қолдана алуы керек.

Мектепке дейінгі балалардың мектепке дайындығы туралы көптеген ғалымдар Е.А.Лобанова [4], Л.С.Выготский [5], В.С.Мухина [6]. т.б қарастырған. Баланың мектепке дайындығы мен балалардың мектепке баруы туралы Б.Баймұратова [7], Г. Бейсенбекова [8] және т.б отандық ғалымдарымыз өз еңбектерінде зерттеген.

Мектеп - психологиялық, мотивациялық, интеллектуалдық және еріктілік дамуының жоғары деңгейін болжайтын кезең. Е.А. Лобанова мектепке дейінгі балалардың мектепке психологиялық дайындық ұғымының құрамына мотивтік, эмоциялық-еріктік, танымдық сапаларын жатқызады. Кейбір зерттеушілер баланың психологиялық дайындығын 5-6 жаста болатын даму дағдарыстарымен байланыстырады. Сол зерттеушілердің арасында Л.С. Выготский баланың психологиялық тұрғыдан дайындығын 7 жаста болатын дағдарыс пен байланыстырған. Баланың мектепке психологиялық дайындығындағы негізгі нәрсе – алынған білімдер мен ұғымдардың сандық жағынан емес, балалардың психикалық әрекеттерінің сапасы болып табылады [9].

Бүгінгі күнде осы мәселе тұрғысында мемлекетімізде жан-жақты тәрбиелеу істеріне жаңа сапалық өзгерістерді енгізу, заман талабына сай ұрпақ оқытуды талап етіліп отыр. Бұл білім беру жүйесіндегі мақсаттардың алмасу, оның дамытушы сипаттарының бекітілуі сияқты мәселелер педагогтардан шығармашылық, жұмыстың жоғары сапаларын, сонымен қатар, кәсібилікті талап етеді.

**Зерттеу материалдары және әдістері.** Қазіргі кезде бастауыш сынып оқушыларына ерекше көңіл бөлу керек. Бастауыш сынып оқушыларының мектепте толық білім алуын және де сол ортаға бейімделуін дамыту өте маңызды болып табылады.

Б.Ш.Тұрғанбаева өз зерттеу жұмысында «Мектепте оқу – бала өміріндегі әртүрлі жүктемесі бар ең маңызды кезеңге жатады: бала өміріндегі әлеуметтік-психологиялық өзгерістер – жаңа қарым-қатынастар, жаңа міндеттер, «оқушының» жаңа әлеуметтік рөлі» деп жазған [10]. Шыныменде, бала мектепке барған соң жаңа ортамен танысады, жаңа достар, жаңа орта, жаңа адамдар. Бұлардың бәрі әр балаға әрқалай әсер етеді. Балалардың кейбірі көпшілік арасына тез сіңісіп кетсе, кейбірі жалғызсырауы мүмкін. Мектепке келген балалардың даму деңгейі әр түрлі болып келеді, бірі мектепте оқуға дайын болса, енді бірі дайын емес болуы мүмкін. Сондықтан да, баланы мектепке алып келер де бірінші баланың психологиялық дамуы қарастыруымыз қажет.

Бала бірінші сыныпқа келген кезде физиологиялық және психологиялық жағынан жетілген болуы керек. Баланы оқуға дайындығының құрылымы, мәні мен компоненттерін түсінуге байланысты олардың критерийлері анықталады. Жалпы, мектепке психологиялық дайындық – мотивациялық, интеллектуалдық, еріктілік дамуының жоғары деңгейін болжайтын білім болып саналады.

Мектепке дейінгі жастың соңына қарай бала белгілі бір деңгейде жеке тұлғаны сезіне алады. Ол өзінің жынысын жақсы біледі. Ол қазірдің өзінде отбасылық және отбасылық қатынастарды басшылыққа алады және ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас орнатуды біледі: ол өзін-өзі бақылау дағдылары, өзін-өзі жағдайға қалай бағындыру керектігін біледі, өзінің қалауына берік бола алады. Мұндай баланың өзінде рефлексия дамыған болып, «Мен қалаймын» мотивіне қарағанда «маған керек» сезімнің басым болуы - бұл баланың жеке басының дамуындағы ең маңызды жетістік болып табылады. Мектепке дейінгі жастың соңына қарай, мектепте оқуға мотивациялық дайындық маңызды болады. Бала сәтті оқуы үшін, ол, ең алдымен, жаңа мектеп өміріне, «байыпты» іс-шараларға, «жауапты» тапсырмаларға ұмтылуы керек. Мұндай тілектің пайда болуы жақын ересектердің оқуға деген көзқарасына әсер етеді, мектеп жасына дейінгі баланың ойынына қарағанда әлдеқайда мазмұнды іс-әрекет маңызды бола бастайды. Басқа балалардың көзқарасы, өрмелеу мүмкіндігі жастардың алдында жаңа жастағы деңгей және үлкендермен тең дәрежеде дамиды. Баланың жаңа әлеуметтік позицияны алуға ұмтылуы оның ішкі позициясының қалыптасуына әкеледі.

Бірінші сыныпқа келген 6-7 балалардың бойы әрі қарай өседі, салмағы да артады, бұлшық еті дамиды, сүйектері қатая түседі. Қимыл-қозғалысқа бейім болады. Ал, психологиялық тұрғыдан дамуы бір сарынмен дамып барады. Баланың психологиялық дайындығын жеке бас дайындығы, интеллектуалдық дайындық, әлеуметтік-психологиялық дайындық, физиологиялық дайындық деп аталатын компоненттерден көруге болады. Бұл жерде атап өтетін болсақ:

- Жеке тұлғаны бағалау мектепке психологиялық дайындықты диагностикалаудың маңызды бөлігі болып табылады. Бұл орайда, балабақша тәрбиешілері, бастауыш сынып мұғалімі және психолог жүргізетін диагностикадағы компоненттердің әрқайсысын ескеру қажет. Жеке бас дайындығы: баланың қоршаған ортаға, қоғамға, мұғалімдерге, өзіне, басқа адамдарға, мектепке, мектептегі іс-әрекеттер мен мектеп ережесіне қарым-қатынасының дайындығы жатады;

- Интеллектуалдық дайындыққа басқаларға қарағанда ерекше назар аудару қажет. Интеллектуалдық дайындық өз ішіне негізгі функциялардың қалыптасу деңгейін қамтиды: есте сақтау, ойлау және зейін. Сонымен қатар, бұл дайындыққа баланың ақыл-ойының, нақты білім қорының, дүниетанымының, сонымен бірге білімге, оқуға деген қызығушылығының болуы жатады;

- Әлеуметтік дайындық баланың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасы қалай дамитынын анықтайды. Бұл мектеп жасына дейінгі балалардың келесі дағдыларынан көруге болады: баланың өзімен тең құрдастарымен, мұғалімімен еркін қарым-қатынаста болуы, тез тіл табыса білуі, басқалардың ойымен санаса алуы;

- Физиологиялық дайындық – бұл белгілі бір жасқа қажет деп саналатын, белгілі бір физикалық белсенділікті орындау мүмкіндігі. Бұл баланың денсаулық жағдайына, дене бітіміне, бой мен салмақ нормаларына, қозғалыс жылдамдығы мен ептілігіне байланысты.

Бала мектепке келгенінде физиологиялық тұрғыдан жетілген, әлеуметтік-психологиялық дамуы қалыпты, ақыл-ойы мен еріктік қабілеттері белгілі бір дәрежеге жеткен болуы керек. Алдымен баланың физиологиялық дайындығын қарастырып өтейік.

Физикалық дайындық деп, баланың физикалық жағдайын сипаттайтын қасиеттер мен қабілеттерге айтамыз. Бұл, ең алдымен, оның морфологиялық және функционалдық дамуының жағдайы: яғни оның денесінің дұрыс дамуы және физиологиялық функцияларын анықтау қажет. Арасында дененің конституциясын сипаттайтын белгілерге оның дене бітімінің биіктігі, салмағы, дене шеңбері сияқты көрсеткіштері және басқалары кіреді. Адамның әртүрлі физиологиялық функцияларының арасында дененің моторфункциясын ерекше атап өтуі керек, ол адамның белгілі бір шеңберді орындау қабілетімен, қимыл-қозғалыс және қозғалыс қасиеттерінің даму деңгейімен сипатталады.

Алты жасар балаларда қимыл-қозғалыс қарқынды дами бастайды. Бұл үшін белгілі бір алғышарттар: дененің пропорциясы айтарлықтай өзгереді, бұл тұрақтылықты тудырады, тепе-тендік сезімі жақсарады, үйлестіру жақсарады, жүйке жүйесінің қызметін жақсартуға негізделген қозғалыстар пайда болады және бұлшықет күшін арттырады.

**Нәтижелері.** Оқыту мен тәрбиелеу жағдайында балада оқу іс-әрекетінің қарапайым түрлері: оқу міндетін түсіну, оны іске асырудың сапасына ұмтылу, білуге құмарлық және олардың күш-жігерінің нәтижесіне қызығушылық, қанағаттану дамиды. Мысалы, бала күш дененің ең жақсы тербелісі мен тұрақтылығына байланысты екенін түсінеді және доп лақтыру кезіндегі лақтыру ауқымы күшті, жылдам жүгіру сияқты қабілеттері дами түседі.

Ересек мектепке дейінгі жас баланың психикалық дамуында: жаңа белсенділік пен мінез-құлықтың психологиялық механизмдері ерекше рөл атқарады. Ересек мектепке дейінгі жастағы балалардың ақыл-ой дамуының маңызды ерекшеліктері - бұл қозудың басымдығы, тежеу, зейіннің тұрақсыздығы, мінез-құлықтағы импульсивтілігі, үлкен эмоционалдылық, қабылдау мен ойлаудың нақтылығы дамиды.

Баланың мектепте оқуға психологиялық дайындығы – бірінші сынып оқушылары өз құрдастары мен бірге сол оқу жылындағы жоспарды меңгере алатын қасиеттер мен дағдылар жиынтығын атауға болады (Psychological readiness of the child to study at school is a complex of properties and skills that will help a first grader to master the curriculum in a group of peers) [11].

Баланың психологиялық және физиологиялық дамуының негізгі өзгерістеріне келесілерді жатқызамыз:

Біріншіден, иммундық жүйе – алты жаста жиі болатын ауруларға байланысты түрде қайта құрылады.

Екіншіден, ми логикалық ойлауға және қажет нәрсені жасауға жауапты болады, жалпылау, қалыптастыру және тұтас бейнелерді қолдау қабілеті жетілген.

Үшіншіден, баланың білімге деген қызығушылығы, құштарлығы, ынтасы бар, балаға барлығы керек, барлығы қызық болады. Ол бір жұмысты бастай алады, бірақ соңына дейін жеткізбейді.

Төртіншіден, жаңа ақпарат пен дағдыларды үйрене бастағаннан кейін ойын артта қала бастайды.

Сонымен қатар, ол өзінің жақсы көретін ата-анасынан бөлек, үйрететін, оқытатын, бағалайтын, қамқорлық көрсететін тәлімгерге психологиялық қажеттілігі пайда болады.

Көп ата-ана баладан оқуды, жазуды, санауды талап етеді, бірақ бұл тәсіл мүлдем дұрыс емес. Егер бала психологиялық тұрғыдан жетілген болса, ол білім мен дағдылар тұрғысынан тез жетеді. Баланың психологиялық тұрғыдан дамуы барысында дамитын қасиеттері мен дағдыларын төмендегі кестеден көре аласыздар.

К е с т е 1. Баланың психологиялық ерекшеліктері:

| Ерекшелік атауы | Мәні не?  |
|-----------------|---|
| Педагогикалық   | Бұл пәннің диагностикасы – баланың білімі мен дағдылары. Тест әдісін ережеге сай түрде мектеп жасына дейінгі бала орындай алатын бірқатар тапсырма қатарынан тұрады.<br>Көбінесе, бұл тапсырмаларға математикалық, жазуға және оқуға байланысты тесттер болып келеді.   |
| Психологиялық   | Бұл мектепке дейінгі жастағы баланың психологиялық ерекшеліктері мен олардың жас дамуының маңыздылығын анықтауға бағытталған. Оларға баланың жеке басы, бала психикасының оқу процесіне дайындығы жатады.<br>Психологтар зерттейтін жеке параметрлерді:<br>- Өзін тану, қадір-қасиетін сезінуін;<br>- Жаңа білім алуға ынтасын;<br>- Жаңа әлеуметтік ортаға енуін;<br>- Интеллект пен оның барлық компоненттерінің дамуын зерттейді.<br>Бала психикасының оқу процесіне дайындығы: баланың мінез-құлқындағы және оқу процесін ұйымдастырудағы ережелерді сақтау, мұғалімді тыңдап оның айтқандарын жасау арқылы анықталады. |

Бірінші сыныптағы балалардың мектепке психологиялық дайындығы – жалпыланған күрделі ұғым болып табылады. Өйткені мектепке бару проблемасы - бұл баланың өміріндегі маңызды кезең. Бұл жаңалықпен кездесу – жұмбақ әлем болып табылады, сонымен бірге өте қиын болып келеді. Шынында да, мектепте алғаш рет бала әлеуметтік нормаланған іс-әрекеттің субъектісіне айналады, бала тек өз қалағанын ғана емес, сонымен бірге ересек мұғалімдердің айтқандары мен қажеттілігін де орындау керек.

Балабақша бүлдіршіндерінің көпшілігі мектепке барғысы келеді, өйткені қажеттілік жеке тұлғаның мағыналық аясын «ашады», оны жаңа жағдайларға икемді және сезімтал етеді. Бірінші сынып оқушыларының тілектері өте үстірт және негізсіз екендігі белгілі: бала «мектеп оқушысының» жаңа әлеуметтік рөлін игеруді қалайды.

Дайындық тобының балаларын сыртқы атрибуттар, яғни өздерінің жаңа формасы, портфолиосы, кітаптары, сабақ дайындауға арналған бұрышы қызықтырады.

**Талқылау.** Баланың алғаш мектеп табалдырығын аттауы – оқушыға деген баланың өзіндік ішкі көзқарасының пайда болуына байланысты болып келеді. Тұрғанбаева өзінің зерттеу жұмысында «Ішкі көзқарас – бұл баланың оқуға бағыттылығын, оның мектепке деген жағымды эмоционалдық қатынасын, жақсы оқушы үлгісіне сай болуға деген талпынысын қамтамасыз ететін мотивациялық орталық» деп өз ойын айтып өткен [9, 210]. Баланың ішкі көзқарасы әртүрлі жағдайларда пайда болуы мүмкін. Мысалы: оқушы ретіндегі ішкі көзқарас, мұғалімге, басқа балаларға деген көзқарастары немесе сыныптастарының жағымсыз қарым-қатынастары, бұлардың бәрі баланың көзқарасын қалыптастырып қана қоймай, кейбір балаларда жағымсыз эмоцияларды да тудыруы мүмкін. Бұл баланың психологиясының дамуына өз әсерін тигізеді.

Сол себепті балаларда кездесетін қиындықтардың алдын алу үшін балаларға арналған психологиялық қағидалар мұғалімдерге белгілі болуы керек: баланың мектепке алғашқы келгенінен бастап-ақ оған оқушы туралы түсінік беріп, үйдегі, қоғамдық жерлердегі және сабақтағы мінез-құлық ережелері туралы нақты айтып түсіндіруі қажет. Баланың бұрынғы қалыптасып қалған әдеттері мен жағдайларының жаңа көзқарастар, құқықтары мен міндеттерінен айырмашылығы туралы балаға дереу түсінік беру қажет.

Баланың оқушы атанғаннан кейін маңызды өзгерістер пайда болуы мүмкін. Бұл өзгерістерді, жаңа көзқарасының, міндеттерінің және құқығының бұрынғы әдеттенген жағдайларынан айырмашылығы бар екенін балаға айтып түсіндіру қажет. Балаларға қойылған жаңа нормалар мен ережелерді орындауды талап ету – бұл кіші сынып оқушыларына жасалынған қаталдық емес, мектепте оқуға дайындалған балаларға және олардың өзіндік ұғымдарына байланысты балалардың өмір сүруін ұйымдастыру қажет. Талаптардың тұрақты болуы өте маңызды, егер қойылған талаптар өзгеріп тұрса, онда балалардың өміріндегі болып жатқан ерекшеліктерді түсінбейді, ал бұндай тұрақсыз талаптар балалардағы мектепте оқуға болған ықыластарын жоғалтуы мүмкін.

Бірінші сынып оқушыларының мектепте оқуға психологиялық дайындығын білу өте маңызды. Мамандардың пікірінше, бастауыш сыныптарды бітіргеннен кейінгі басты жетістік-баланың оқуға деген ықыласы бар, табысқа және алған дағдыларына негізделген өзін-өзі бағалау өте жоғары. Бұл бірінші сыныпқа кіргенде, ол оқуға дайын болған жағдайда ғана мүмкін болады.

Мектепте оқуға психологиялық дайындықты топтарда және жеке сұхбат, қағаздан кесілген суреттер мен фигураларды, ойыншықарды қолдана отырып тест әдісі, белгілі бәр тақырыпқа сурет салу, мотивациялық және сөйлеу дайындығын анықтауға арналған тест-сауалнама (бұл сауалнама барысында бала мектеп туралы сұрақтарға жауап береді) әдістерін қолдану арқылы анықтауға болады.

Негізінде баланың оқуға дайындығының психологиялық сипаттамасын психологтар жасайды. Бұл сипаттаманы мүмкіндігінше объективті ету үшін және маманды біржақты емес деп кінәламау үшін тестке байланысты көптеген тапсырмаларды балалар ата-аналардың қатысуымен орындайды. Бұл диагностика тыныш, шусыз ортада жүргізілуі керек. Сонымен қатар, ересектер баланы ынталандыруы және қолдауы қажет.

**Қорытынды.** Сонымен жалпы айтылғандарды қорытындылайтын болсақ, баланың денсаулық жағдайы мектептік білім беру бағдарламаларын меңгеруге мүмкіндік беруі тиіс. Егер баланың

денсаулығында психикалық немесе физикалық тұрғыда елеулі ауытқулықтары байқалса, онда бала денсаулығындағы ерекшеліктеріне байланысты арнайы коррекциялық мекемелерде тәрбиеленуі міндетті.

Мектеп жасына дейінгі баланың мектепке уақытында дайын болуы үшін оның сау психологиялық атмосферада өсуі, ересектер тарапынан жақсы көрілуі, көп ойнауы, сонымен бірге өзіне қажетті күтімді, қамқорлық алып өсуі өте маңызды.

Балалардың оқушы атанғаннан кейін оларға қойылатын талаптар мен міндеттер арта түседі. Бұл міндеттерді орындауда балада қиыншылықтар тууы мүмкін. Бұл баланың психологиялық тұрғыдан дайын не дайын еместігін анықтайды. Бұл кезеңде бала мұғалім мен отбасы мүшелерінің қолдауына мұқтаж болады. Сол себептен, баланың алдындағы кездесетін қиыншылықтарды жеңуде мұғалім мен ата-ананың рөлі өте жоғары.

Сонымен қатар, физиологиялық дайындық ұсақ моториканың дамуы мен қозғалысты үйлестіруді өз ішіне алады. Бала қай қолмен және қалай қалам ұстау керектігі туралы білуі тиіс. Сондай-ақ, бала бірінші сыныпқа түсер кезде негізгі гигиеналық: столда дұрыс отыру, арқаны тура ұстау сияқты стандарттарды түсінуі мен оларды дұрыс орындауының маңыздылығын білуі тиіс.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. // - Алматы [Электронный ресурс]. URL: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_).
2. Камилевна Ш.Р. Предшкольное образование: актуальность, проблемы, стратегия развития // Начальная школа плюс до и после – 2006. – № 7 – С.54–57.
3. Березняк Г.П. Развитие познавательной активности шестилетних детей в процессе экспериментирования // Вестник магистратуры – 2020. – № 6– 2 (105) – С.30–32.
4. Лобанова Е.А. Дошкольная педагогика/ (учебно-методическое пособие) / – Николаев, 2005.– 76с.
5. Выготский Л.С. Вопросы детской психологии / – Юрайт, 2016. Вып. Анталогия.
6. Мухина В.С. Детская психология / – Просвещение, 1985. Вып. 2.
7. Баймұратова Б.Б. Мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту – Алматы: Мектеп, 1976.– 72с.
8. Бейсенбекова Г.Б.Кіші жастағы оқушы тұлғасының психологиялық-педагогикалық диагностикасы. / “Ақ Нұр” Баспасы. – Қарағанды, 2012. Вып. екінші бас– 122с.
9. Давыдов Д. Проблемы развивающего обучения / – Директмедиа Паблишинг, 2008.– 613с.
10. Тұрғанбаева Б.Ш. Бастауыш сынып оқушыларының мектепке бейімделуіндегі қиыншылықтарды жеңу жолдары // Пму хабаршысы – 2015. – С.206–213.
11. Brown J. Children adaptation at school: first graders and fifth graders difficulties | FindMyKids Blog [Электронный ресурс]. URL: <https://findmykids.org/blog/en/children-adaptation-at-school>.
12. Ганиева Ф.С. и др. Психологическая готовность ребенка к обучению в школе // Известия чеченского государственного педагогического института – 2020. – Т. 28 – № 2 (30) – С.89–93.

#### *References:*

1. Qazaqstan Respublikasynyñ «Bilim turaly» Zaný. // -Almaty [Elektronnyi resurs]. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
2. Kamilevna Ş.R. Predşkolnoe obrazovanie: aktualnost, problemy, strategiya razvitiya // Nachal'naya škola pls do i posle – 2006. – № 7 – S.54–57.
3. Bereznyak G.P. Razvitie poznavatelnoi aktivnosti šestiletnih detei v prosesse eksperimentirovaniya / Bereznyak G.P. // Vestnik magistratury – 2020. – № 6– 2 (105) – S.30–32.
4. Lobanova E.A. Doşkolnaya pedagogika (uchebno-metodicheskoe posobie) – Nikolaev, 2005.– 76с.
5. Vygotskii L.S.Voprosy detskoj psihologii / L.S.Vygotskii – rait, 2016. Vyp. Antalogia.

6. Muhina V. *SDetskaya psihologiya / Muhina V.S / pod red. L.A.Venger. –Prosveenie, 1985. Vyp.2*
7. Baimuratova B.B. *Mektep jasyна deiingi balalardyñ bailanystyryp söileu tilin damytu / – Almaty: Mektep, 1976.– 72c.*
8. Beisenbekova G.B. *Kişi jastaғы oquşy tұлғасыnyñ psihologiyalyq-pedagogikalyq diagnostikasy. – Qarağandy, 2012. Vyp. ekinşi bas– 122c.*
9. Davydov D. *Problemy razvivaego obucheniya / – Direktmedia Pablišing, 2008.– 613c.*
10. Tūrғанbaeva B.Ş. *Bastauyş synyp oquşylarynyñ mektepke beiimdeluindegi qiyñsylyqtardy jeñu joldary // Pmu habarşysy – 2015. – S.206–213.*
11. Brown J. *Children adaptation at school: first graders and fifth graders difficulties | FindMyKids Blog [Elektronnyi resurs]. URL: <https://findmykids.org/blog/en/children-adaptation-at-school>.*
12. Ganieva F.S-A. *Í dr. Psihologicheskaya gotovnost rebenka k obucheni v škole // Ízvestiya chechenskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo instituta – 2020. – T. 28 – № 2 (30) – S.89–93.*

ӘОЖ 372.24

МРНТИ 14.23.17

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-5496.24>

Асылбек А.М.,<sup>1\*</sup> Бельгибаева Г.К.,<sup>1</sup> Көшкімбаев Қ.Т.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ЗАТТЫҚ-КЕҢІСТІКТІК ДАМУ ОРТАСЫН ҚҰРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

### Аңдатпа

Мақалада мектепке дейінгі білім беру ұйымының заттық-кеңістіктік даму ортасын құру және ұйымдастыру мәселелерінің өзектілігі қарастырылады. Себебі, мектеп жасына дейінгі балалардың дамуында орта маңызды фактор болып табылады. Белгілі бір білім беру ортасы бар мектепке дейінгі ұйымдар ғана өмірлік және кәсіби мәселелерді шешуде шығармашылық көзқарасымен ерекшеленетін, белсенді, тәуелсіз, бастамашыл қасиеттерге ие, өзге адамдармен қарым-қатынас жасауға және өзара әрекеттесуге қабілетті тұлғаны қалыптастыра алады. Ал мұндай тұлға қазіргі қоғамның тез өзгеретін жағдайына оңай бейімделеді. Тұлға қалыптастыру үшін мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістіктік ортасы мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сай болуы қажет. Мақаланың өзектілігі заттық-кеңістіктік даму ортасының мектеп жасына дейінгі балалардың жалпы дамуына әсерін анықтау және оны ұйымдастыруда мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиешілерінде кездесетін қиындықтарды анықтаумен, мектепке дейінгі білім беру ұйымының заттық-кеңістіктік даму ортасы жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың дамуының маңыздылығын мойындау мен қоршаған ортаны ұйымдастыруға арналған әдістемелік ұсыныстардың жеткіліксіз дамуы арасындағы қарама-қайшылықтың болуымен байланысты. Заттық-кеңістіктік орта мектеп жасына дейінгі баланың түрлі әрекеттерін қамтамасыз етеді, жеке белсенді әрекетінің негізін қалайды. Баланың негізгі әрекеті ретінде ойын жетекші рөл атқарады. Ойын әрекетін ұйымдастыруда, қарым-қатынас мәдениетін жүйелеуге қажетті мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық қиялын қалыптастыруда заттық-кеңістіктік орта ерекше орын алады.

**Түйін сөздер:** заттық-кеңістіктік орта, ойын әрекеті, қағидаттар, тұтастық, вариативтілік, педагогикалық процесс, даму ортасы, конструктивті аймақ.